


КЕЛІСІЛДІ

«Қарағанды облысы білім  
беруді дамытудың оқу-  
әдістемелік орталығының»  
директоры

«» Абдикерова Б.Х.  
2021ж.

КЕЛІСІЛДІ

«Қарағанды қаласының  
білім бөлімі» ММ  
басшысының м.а.

«» Н.В.Головина  
2021ж.

БЕКІТЕМІН

Қарағанды қаласы  
«№6 ЖБВМ» КММ  
директоры

«» Сулейменов М.Б.  
2021ж.

**«Адам-Жер-Ғарыш» тақырыбындағы аймақтық ғылыми-танымдық  
форсайт-сессиясының  
ЕРЕЖЕСІ**

**1. Жалпы ережелері**

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына, 12 сәуір - Ғарышкерлер күні және адамзат баласының ғарыш кеңістігіне ұшқанына 60 жыл толуына арналған «Адам-Жер-Ғарыш» тақырыбындағы форсайт-сессиясы (бұдан әрі Форсайт-сессия) Қарағанды қаласы білім бөлімінің және Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының қолдауымен ұйымдастырылады.

**2. Мақсаты:** әлем кеңістігінде оқушылардың болашаққа деген көзқарастарын анықтау, идеяларды жинау, ғылыми-танымдық қабілеттерін дамыту.

«Форсайт» сөзі ағылшынның «foresight» сөзінен шыққан. Аудармада бұл «болашаққа көзқарас» дегенді білдіреді. Форсайт - бұл экономика, ғылым, технология және қоғамдағы басымдықтарды қалыптастыру үшін қолданылатын ең тиімді әдіс. Сонымен қатар жүйелі түрде жүргізілетін технологиялардың, ғылымның ұзақ мерзімді перспективасын бағалау.

**3. Форсайт-сессияға қатысушылар**

2-8,10-сынып оқушылары қатыса алады.

**4. Форсайт-сессияның негізгі бағыттары:**

**1-бағыт: «Табиғат және біз»** (Бұл бағытқа 2-4-сынып оқушылары қатыса алады).

Тренд: «Менің қиялымдағы ғарыш әлемі». Аталған тақырыпқа әңгіме құрастырып, әңгімені комикс, аниме, мультфильм арқылы жеткізу (қазақ жазушыларының қаламынан туған ғарыш тақырыбындағы әңгімелер желісін де қолдануға болады).

**2-бағыт: «Байқоңыр-ғарыш айлағы»** (5-8, 10-сынып оқушылары қатыса алады).

Трендтер: «Ғарыш кеңістігін «ғарыш қоқысынан» тазарту шаралары», «Байқоңыр ғарыш айлағында туризмді дамыту» тақырыптарының бірі бойынша болашақ картасын жасау.

**3-бағыт. «Әлем және ғарыш»** (5-8, 10-сынып оқушылары қатыса алады).

Тренд: «Адам және экология» тақырыбы бойынша болашақ картасын жасау.



## **5. Ұйымдастыру комитеті**

5.1. Ұйымдастыру комитеті құрамына Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы мен Қарағанды қаласы білім бөлімінің өкілдері, мектеп мұғалімдері кіреді.

5.2. Форсайт-сессияны өткізу үшін құрылған комитет форсайт-сессияға ұсынылған материалдардың маңыздылығын анықтайтын критерийін құрастырады және қатысушыларды бекітеді.

5.3. Ұйымдастыру комитеті «Адам-Жер-Ғарыш» ғылыми-танымдық форсайт-сессияға қатысу үшін сұраныстар мен жұмыстарды 09.04.2021 ж. дейін қабылдайды және 12.04.2021 ж. дейін үздік жұмыстарды іріктеп, қорытынды кезеңге қорғауға жібереді.

5.4. Форсайт-сессия жұмысының нәтижесінде материалдар жинағының электронды нұсқасы ұсынылады.

5.5. Барлық сұрақтар бойынша төменде көрсетілген телефонға хабарласуға болады: Қарағанды қаласы, «№6 ЖББМ» КММ, Кошен Жанат Ермекқызы 8 (7212) 41-58-40, 8 701 669 93 63.

## **6. Форсайт-сессияның мазмұны мен өткізу түрі**

6.1. Форсайт-сессияның жұмыс тілі: қазақ тілі.

6.2. Тренд - объективті бақыланатын және өлшенетін үрдіс. Тандалған трендтің өзектілігін, маңыздылығын сипаттау.

Технология - трендтің даму бағытын өзгертетін құбылыстарды анықтау. Болашақта мәселені шешудің әдіс-тәсілдерін ұсынады.

Қауіп-қатер - трендтің дамуына кері әсерін тигізетін жағдайларды қарастырады.

Мүмкіндік - трендтің дамуына оң әсерін тигізетін тұжырымдар мен ұсыныстарды негіздейді.

Қолдау іс-шаралар жоспары - мүмкіндіктерді қолдау және қауіп-қатерді жою үшін қажетті шараларды анықтап, жоспарлайды.

6.3. Жеңімпаз оқушылар I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

## **7. Форсайт-сессияның мерзімі мен өткізу шарты**

7.1. Қатысу үшін өтінім (1-қосымша), материал сәуір айының 09.04.2021 ж. дейін формаға сәйкес [diana\\_090393@mail.ru](mailto:diana_090393@mail.ru) электронды поштасына жіберіледі.

«Ғарыш және фантастика» бағыты бойынша жасалған жұмыстар 87712636916 нөміріндегі телеграмм мессенджеріне қабылданады.

7.2. Форсайт-сессияға қатысу 2 кезеңнен тұрады:

1- іріктеу кезеңі. Жұмыстар электронды түрде ұсынылады.

2- қорытынды кезең. 2021ж. 12 сәуірде ZOOM платформасында өткізіледі (қатысушылардың WhatsApp нөмірлерінен құрылған топқа сілтемесі жіберіледі).

## **8. Форсайт-сессияға ұсынылған жұмыстарға қойылатын талаптар:**

### **8.1. 1-бағыт бойынша:**

- Жұмыстың титулды парағы болу керек (білім беру ұйымының атауы, сыныбы, оқушының аты-жөні, жетекшісінің аты-жөні);
- Жұмыстың ұзақтығы 3 минуттан артық емес.

## **8.2. 2,3-бағыт бойынша:**

- Қатысушылар ұйымдастыру комитетіне электронды түрде әзірлеген жұмысын ұсынады (көлемі 4-5 беттен кем емес);
- Жұмыстың титулды парағы болу керек (білім беру ұйымының атауы, сыныбы, оқушының аты-жөні, жетекшісінің аты-жөні);
- Карта кесте, сызба, инфографика, постер түрінде ұсыну;
- Жасалған жұмысты PowerPoint бағдарламасында сақтау;
- Форсайт-сессия талаптарын орындау **(2-қосымша)**.
- Форсайт-сессияға ұсынылған жұмыстар оқушылардың функционалдық сауаттылығына негізделуі.



1-қосымша

**«Адам-Жер-Ғарыш» ғылыми-танымдық форсайт-сессиясына қатысуға сұраныс**

| Қала,<br>аудан | Мектеп<br>атауы | Қатысушының<br>аты-жөні | Сыныбы | Бағыты | Тақырыбы | WhatsApp<br>нөмірі |
|----------------|-----------------|-------------------------|--------|--------|----------|--------------------|
|                |                 |                         |        |        |          |                    |
|                |                 |                         |        |        |          |                    |

Мектеп директоры

мөр

Аты-жөні

**Ескерту:** көрсетілген мерзімнен кейін келіп түскен және рәсімделуі талапқа сай емес жұмыстар қабылданбайды.

**Форсайт-сессия жұмысына қойылатын талаптар:**

«Форсайт» сөзі ағылшынның «foresight» сөзінен шыққан. Аудармада бұл «болашаққа көзқарас» дегенді білдіреді. Форсайт - бұл экономика, ғылым, технология және қоғамдағы басымдықтарды қалыптастыру үшін қолданылатын ең тиімді әдіс.

- Тренд - объективті бақыланатын және өлшенетін үрдіс.
- Технология - трендтің даму бағытын өзгертетін құбылыс.
- Қауіп-қатер - трендтің дамуына кері әсерін тигізетін жағдай.
- Мүмкіндік - трендтің дамуына оң әсерін тигізетін салдар.
- Қолдау іс-шаралар жоспары - мүмкіндіктерді қолдау және қауіп-қатерді жою үшін қажетті шараларды анықтау.